





**М.А. Карекенов<sup>1\*</sup>** , **М.К. Ажгалиев<sup>2</sup>** ,  
**Н.М. Әлібекова<sup>3</sup>** , **Г.А. Жүзбаев<sup>3</sup>** 

<sup>1</sup>А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, Қостанай қ.

<sup>2</sup>Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан, Орал қ.

<sup>3</sup>Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: manarbek-kareken@mail.ru

## **ШЕКАРА ӘСКЕРЛЕРІНІҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯНЫҢ БАСШЫЛЫҚ ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ БАСПАСӨЗ БЕН ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ КӨРІНІСІ**

Заманауи журналистикада еліміздің жүріп өткен тарихындағы баспасөз беттерін жан-жақты зерттеу жұмысы баяғыда-ақ қолға алынған. Осы тұрғыдан алғанда әскери журналистиканың түрлі кезеңдегі қоғамның жаршысы екені белгілі. Әр дәуірдің толыққанды ақпарат құралына айнала білген әскери журналистика саласы – әскери өмірдегі орны бөлек байланыс құралының діңгегі, бұқаралық-ақпарат құралының ажырамас бөлігі.

Зерттеу жұмысының мақсаты–мақалада Коммунистік партия кезеңіндегі патриоттық тәрбиенің шекара әскерлеріне әсері жан-жақты зерттеліп сараланды. Қазіргі әскери қызметшілерімізді жауынгерлік рухта тәрбиелеуде Кеңестік дәуірдің кейбір идеологиялық шараларын қолдану арқылы тәрбие жұмыстарын жүргізу мәселесі алға тартылады.

Зерттеу әдістері ретінде ғылыми зерттеу жұмыстарын зерделеу мен баспа беттеріне шолу жасау әдістері пайдаланылды. Саралау тәсілінің көмегі арқылы бұқаралық ақпарат құралдарының түр-түріне, олардың әскери қызметшілерге әсері жөніндегі қазіргі көзқарастар зерделенді.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық мән-маңызы: автор Шекара әскерлерінің коммунистік партияның басшылық жасау кезіндегі баспасөз бен әдебиеттерінің әскери қызметшілерді тәрбиелеудегі рөліне тоқталады. Баспасөз қызметінің Коммунистік партия кезіндегі шекарашыларды отансүйгіштік рухта тәрбиелеудегі қызметін сараптайды. Әскери қызметшілерді ұлттық рухта тәрбиелеуде ақпараттар ағымының маңыздылығын қарастырады. Зерттеу барысында бұқаралық-ақпарат құралдарының тек қана Шекара қызметінің жеке құрамына ғана әсері емес, еліміздің барлық күштік құрылымдарының жеке құрамына теледидар, ғаламтор, әлеуметтік желілер мен газет-журналдар арқылы жауынгерлердің санасына әсер етіп, рухани құндылықтарын қалыптастырудың жолдарын ашу жөнінде идея беріледі. Ақпараттың әскер өмірінде өзіндік орны бар екені жан-жақты талданады.

Зерттеу нәтижелерішекара әскерлері жауынгерлерін отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде коммунистік партияның басшылық жасау кезіндегі баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісінің насихаттың негізі бағыты болғанын көрсетті. Комсомол жастары мен шекара сақшыларының шекараны берік күзету ісіне біріккен жұмыстарына оң әсерін тигізгені белгілі болды.

Осы ізденістің құндылығы ретінде Кеңес дәуіріндегі әскери қызметшілерді баспасөз беттері арқылы тәрбиелеудің жолы зерделене отырып, Жаңару мен жаңғыру жолындағы жаңа Қазақстанның жауынгерлерін заманауи тұрғыда тәрбиелеу мен тың ғылыми зерттеулерге жолдарын ашатындығын айтуға болады.

**Түйін сөздер:** Әскери журналистика, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы шекара сақшыларын тәрбиелеу, патриоттық тәрбие, тәртіп.

M.A. Karekenov\*<sup>1</sup>, M.K. Azhgaliyev<sup>2</sup>, N.M. Alibekova<sup>3</sup>, G.A. Juzbaev<sup>3</sup>

<sup>1</sup>A. Baitursynov Kostanay Region University, Kazakhstan, Kostanay

<sup>2</sup>West Kazakhstan Innovative-technological University, Kazakhstan, Oral

<sup>3</sup>Border Guard Academy of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: manarbek-kareken@mail.ru

### **Media image of the border troops in the press and literature during the period of the leadership of the Communist party**

In modern journalism theory, a comprehensive study of press for the entire history of our country has been conducted. In this sense, it is known that military journalism had a significant impact on society in different periods. The sphere of military journalism, which has become a full-fledged mass media of every era, is the core of a separate means of communication in military life, an integral part of the mass media.

The aim of the research work is to comprehensively study and analyze the influence of patriotic education on the border troops during the Communist party period. In the education of modern military personnel in the fighting spirit, the problem of conducting informative work with the use of some ideological measures of the Soviet era is put forward.

Compilation, analysis and comparison methods were used as the main ones. With the help of a differentiated approach, modern types of mass media and their influence on military personnel were studied.

Scientific and practical significance of the research work: the author focuses on the role of military personnel's education in the press and literature under the leadership of the Communist party. The activities of the press service of border guards in the spirit of patriotism under the Communist party were analyzed. The importance of the information flow in the education of military personnel in the national spirit was studied.

In the course of the study, an idea about the influence of mass media on the personnel of all military force structures of the country through television, Internet, social networks, newspapers and magazines in order to reveal the ways of forming the spiritual values of soldiers is given. Comprehensively analyzed the fact that the information has its place in the life of the army. Komsomol youth and border guards reacted positively to the joint work on border protection.

The results of the study showed that the "presence" of the Communist party in the press and literature during its leadership became the main direction of propaganda in the education of troops' soldiers in the spirit of patriotism.

**Keywords:** military journalism, education of border guards through mass media, patriotic education, discipline.

М.А. Карекенов<sup>1\*</sup>, М.К. Ажғалиев<sup>2</sup>, Н.М. Әлібекова<sup>3</sup>, Г.А. Жүзбаев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Казахстан, г. Костанай

<sup>2</sup>Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Казахстан, г. Орал

<sup>3</sup>Пограничная академия Комитета национальной безопасности, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: manarbek-kareken@mail.ru

### Военная пресса и литература в период Коммунистической партии Советского Союза

В современной науке уже давно ведется всестороннее изучение работы журналистов, писателей при освещении различных страниц истории и культуры страны. В этом ряду особое место занимает исследование военной прессы, которая отличается от других направлений журналистики мощной силой воздействия на массы. Военная журналистика – полноценное средство массовой информации каждой эпохи, стержень отдельного средства связи в военной жизни, неотъемлемая часть информационного поля.

Цель исследовательской работы: изучить и проанализировать влияние военных СМИ, литературных произведений на патриотическое воспитание пограничных войск в период правления КПСС (Коммунистической партии Советского Союза). Авторы выдвигают гипотезу о проведении воспитательной работы среди современных военнослужащих с применением некоторых идеологических методов советской эпохи.

В качестве методов исследования использовались методы критического анализа, контент-анализа, военно-исторического рецензирования. С помощью дифференцированного подхода были изучены современные подходы к разнообразию средств массовой информации, их влиянию на военнослужащих.

Научное и практическое значение исследовательской работы: автор акцентирует внимание на роли пограничных войск в воспитании военнослужащих средствами печати и литературы под руководством Коммунистической партии. Анализирует деятельность пресс-службы по воспитанию пограничников в духе патриотизма. Рассматривает значение потока информации в воспитании военнослужащих в национальном духе. В ходе исследования предлагается идея о влиянии средств массовой информации, новых медиа на личный состав всех силовых структур страны, с целью, найти новые пути формирования духовных ценностей воинов. Всесторонне анализируется роль информации в жизни армии.

Результаты исследования показали, что в воспитании бойцов в духе патриотизма основным направлением пропаганды стало влияние Коммунистической партии, отраженное в прессе и литературе того времени. Это был период, когда комсомольская молодежь и пограничники положительно отреагировали на совместную работу по охране границ.

Ценность работы заключается в том, что изучение путей воспитания военнослужащих советской эпохи через страницы литературы и военной прессы открывает дорогу к новым научным исследованиям и способствует современному воспитанию воинов нового Казахстана.

**Ключевые слова:** военная журналистика, воспитание пограничников, средства массовой информации, патриотическое воспитание, дисциплина.

## Кіріспе

Шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісі тақырыбының маңыздылығында кеңестік дәуірде Шекара әскерлеріне қамқорлық жұмысының партиялық басқаруын зерттеу және оны баспасөз беттерінде көрініс табуы мен сол кездегі жастардың санасына әсер етуінде жатыр. Шекара әскерін патриоттық бағытта тәрбиелеудегі комсомолдардың қамқорлық жұмысының негізгі бағыттары зерделенді. Орталық, республикалық, өңірлік деңгейдегі шекара әскерлері мен партияның ұйымдастырылған кешенді шаралардың қолда бар материалдарына толықтай талданды. Тақырыпты жоғары деңгейде жан-жақты ашу үшін комсомол комитеттерінің шекара сақшыларымен бірге жас буынды әскер қатарына шақырау үшін ұйымдастырған жұмыстарына тоқталып, талдау жасалды. Себебі, бұқаралық ақпарат құралдарында комсомолдықтар мен шекарашылардың біріге атқарған жұмыстары туралы мақалалар шығып отырды.

Осыған орай, шекара бөлімдері мен бөлімшелерінде комсомолдың қамқорлық жұмыстары мен партиялық басқаруды одан әрі жетілдіру туралы нақты ұсыныстар әзірленді. Шекара әскерлеріне партия әсерінің маңыздылық деңгейін анықтау мен ақпарат құралдарымен қарым-қатынасты саралау үшін екі ұжымның ықпалдастықпен ұйымдастырған жұмыстары назардан тыс қалмады. Мұндай міндеттердің арқасында ғылыми мақаланың жалпы жоспары мен материалды жазып шығудың құрылымы мен логикасын анықтады.

Аталған кезең Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының «КСРО-ның мемлекеттік шекарасы туралы» Заңының мақұлданып, шекара шебін күзетуге арналған құжат ретінде қабылданумен тұспа-тұс келуімен байланысты еді.

Шекара маңын сапалы күзету жұмыстары барлық деңгейдегі әскери қызметшілерге, комсомол мүшелеріне сонымен қатар жастардың алдына жауапты міндет ретінде қойылған болатын. Алға қойылған мақсатты іске асыру жергілікті атқарушы комсомол ұйымдарының Шекара әскерлерінің әскери бөлімдері мен комендатураларының, шекаралық бөлімшелерінің, шекара заставаларының жұмысын одан әрі тығыз байланыстыруды талап етті.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында БЛКЖО ОК хатшысы В.М.Мишин:

«Алдымызға ұсынылған маңызы зор заң жобасын толық қолдаймыз. Сонымен қатар оның толық күйде жүзеге асуына, жаңадан қабылданып отырған заңның ережелерін жүз пайыз жүзеге асуына, КСРО шекарасын қырағы күзетілуіне әскери жағынан да, саяси тұрғысынан да және экономикалық маңыздылығын да түсінеміз. Осы тұрғыда шекара шебінің толығымен күзетілу ісіне ең белсенді әрекеттерді талап ететінін атап өткім келеді. Біз бұл маңызды жұмыста комсомол жастарының маңызды рөл атқаратыны туралы анық білетінімізді айтқымыз келеді», – деді. Ал қазақтың әйгілі әскери қолбасшысы Б.Момышұлы: «Егер егжей-тегжейлі айтар болсақ, әскери тәрбиенің басты мақсаты – жауынгердің бойында әскери қызметтің, жауынгерлік өмірдің қиындығы, мұқтаждығы мен ауыртпалығын жеңе алатындай қабілеттілікке тәрбиелеу, денесін, оның рухы мен еркін қиындықтан тайсалмайтындай етіп шынықтыру. Командирдің әміріне мойын ұсыну – бұл да ауыр нәрсе. Әскери тәрбиенің мәні қиындық пен ауыртпалықты, мұқтаждықты және қорқынышты жеңе аларлық қабілеттілікке баулу, тәрбиелеу, ал бұл – тек парасатты адамның ғана қолынан келетін іс. Әскери тәрбиенің әдісі – көз жеткізу, мәжбүр ету және талап ету» деген болатын (Б.Момышұлы, 2013 ж.)

Коммунистік партияның бастамашылығының арқасында көптеген мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарды. Соның ішінде жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беруді басты назарда ұстады. Комсомолдықтардың жауапты міндетіне партиядағы жастардың әскери-патриоттық тәрбиесін одан әрі көтеру мәселесі тұрды. Осы жолдағы жұмыстың түрлі ұтымды дәстүрлерін бір жолға қойды. Оның барлығын халықаралық деңгейде орын алған жағдайлардың қауіп төндіруі мүмкін ықтималдықтарды ескере отырып, жете зерделеуге баса көңіл бөлді. Өскелең ұрпақтың: ұлдар мен қыздарға теңдей қарап, оларға шексіз отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңыздылығын басты нысанаға алды. КСРО Әскери-теңіз флотына, Әскери-Әуе күштеріне және шекара күштеріне комсомолдың қамқорлығын арттырды.

Қазақстанда әскери басылымдардың шығу қарқыны Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін күрт артты. Бұл туралы профессор С.Қозыбаев былай дейді: «Қазақ тіліндегі фронттық газеттер 1942 жылдың қараша айынан бастап шығарыла бастады. ҚР Бас саяси басқармасының мәліметінше, 1942 жылдың аяғында және 1943

жылы Ұлы Отан соғысы майдандарында және Орта Азия әскери округінде Орта Азия мен Қазақстан республикалары халықтарының тілдерінде 42 газет пен 7 журнал шыққан. Қазақ тілінде 20 майдан, армия және дивизиялық газеттер, жүздеген жауынгерлік парақтар жарық көрді» (С.Қозыбаев, 1978). Сол кезеңде алғашқы әскери журналистер шыға бастады, бұл туралы профессор: «1944 жылдың көктемінде 4 жарым мың әскери журналистің 200 – ден астамы Орта Азия мен Қазақстаннан, оның 70-тен астамы қазақстандықтар болды» дейді.

ШекараҚазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің жеке құрамының жауынгерлік қызметінің жаршысы ретінде құрылған ең алғашқы газет – «Қазақстан шекарашысы» («Пограничник Казахстана») атауымен 1943 жылы 10 шілдеден бастап жарық көрді. 1954 жылдың 30 сәуірінде «Часовой Родины» болып өзгертілген басылым Қызыл Тулы Шығыс шекара округінің жетістіктері мен ерліктерін жариялауда ерен еңбек етті. Кеңес Одағы деңгейінде ақпарат тарататын басты басылымдардың бірі болды. 1994 жылы сол кездегі ҚР ҰҚК төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры генерал-лейтенант Б.Зәкиевтің қолдауымен басылым «Отан сақшысы – Часовой Родины» деген атауға ие болып, жаңа сипатта екі тілде жарық көріп келеді (Д.Сейтов, 2013 ж.).

Зерттеу нысаны – шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісі, тақырыбы – комсомоль ұйымдары, олардың шекара әскерлеріне қамқорлық жасау жөніндегі жұмысының бұқаралық-ақпарат құралдарында көрініс табуы.

Ғылыми мақаланың әдіснамалық және теориялық негізі – коммунизм идеясының негізін қалаушы тұлғалар К.Маркс, Ф.Энгельс, В.Лениннің Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қарулы күштері және оның мемлекеттік шекарасын күзету туралы еңбектері, КОКП тарихи құжаттары, Коммунистік партияның және Кеңес үкіметінің көрнекті қоғам қайраткерлерінің ғылыми еңбектері, шекара әскерлерін Комсомол партиясының қамқорлыққа алу бойынша атқарылған шаралар туралы шығарылған баспа беттері.

Тақырып бойынша ақпараттарды әзірлеу барысында әскери-қамқорлық жұмыстарын ұйымдастыру мен жетілдіру барысында Комсомол партиясының басшылығының ұйымдастырған көлемді шараларының арқасында кейбір аспектілерінің әлеуметтік қоғамда кеңестік халықтың

соның ішінде әсіресе жастардың саяси санасы мен белсенділігінің бұрын тарихта болмаған дәрежеге өскені байқалады. Соның арқасында ұтымды жоспар арқылы жұмыс жасаған бастамашыл партияның әлеуметтік саясаттағы тиімді әдісінің арқасында көп ұлтты халықтың басын біріктіре алғандығын көруге мүмкіндік берді. Ел шетінің тыныштығын күзеткен жауынгерлер Социализмді қорғау – КСРО шекарасын жылдың төрт маусымдағы ауа-райына қарамастан сызат түсірместен күзетіп, жаудан күзету ісінің іргелі мәселелерін шешті деп айтуға толық негіз бар. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін 1994 жылдың 1-ші санында жарық көрген «Отан сақшысы – Часовой Родины» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің апталық газетінде «Сүйінші!» айдармен бірінші бетінде шағын мақала жарық көрді. Мақалада: «Егемен еліміздің шекарашыларын Жаңа жыл өзінің тағы бір жақсылығымен қуантып отыр. Қазақстандық шекарашылардың төл газеті, өзінің 50 жылдық тарихы бар «Часовой Родины» газетінің негізінде бір беттік қазақ тіліндегі басылымы шыға бастады. «Көш жүре түзеледі» демекші, әзірше бір бет болып шыққан Қарлығаш басылым болашақта өзінің бет-бедерін танытып, шекарашы жауынгерлердің, қалың оқырманның сүйікті газетіне айналары сөзсіз! Бізбен үзбей хабарласып тұрыңыздар. Тірегіміз де, сенеріміз де сіздер, қымбатты оқырмандар!», деп редакция алқасы газеттің қазақ тілінде шыға бастағаны туралы хабарлайды. («Отан сақшысы – Часовой Родины» газеті, 2013 ж.) Осы кезеңнен бастап егемен еліміздің шекарасын күзетіп жүрген шекара сақшыларының бас газеті мемлекеттік тілдегі мақалаларды жариялай бастайды.

### Материалдар мен әдістер

XX ғасырда қоғамдық ортада өзіндік орын алып, белсенділік танытқан баспа бұқаралық ақпарат құралдарына көлемді зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Осы салада үгіт-насихат әдістерінің жаңаша жүйеленген жіктемесін ұсынған алғашқы елдердің қатарына АҚШ-тағы үгіт-насихатты талдау институты жатады. Алғашқылардың қатарында жарық көрген 1939 жылғы «Насихат өнері» зерттеуінде (Lee A.M., Lee E.B. Decree) авторлар алғаш әдістеме ретінде қолданылатын рет белгілі бір дәрежеде ғылыми қоғамдастықта танылған насихат жұмыстарының және де насихаттаушылардың бірқатар әдістерін атап өтті.

Екінші дүниежүзілік соғысы кезінде іске асырылған үгіт-насихат теориясының нәтижесі жаңа зерттеулердің пайда болып, жүзеге асуына себеп болды. Ең алғашқылардың қатарына 1950-1960 жылдары шыққан философ және әлеуметтанушы, француз Дж.Эллольдін «Насихат: көзқарастарды қалыптастыру» (*Ellul Jacques, 1964*) және американдық саясаттанушылар Д.Хартер мен Дж.Салливанның «Насихаттау жөніндегі Нұсқаулық» (*Harter D. Sullivan J. Op. Cit.*). Бұл еңбектер өз уақытында насихаттау бойынша маңызды теориялық зерттеулерге айналды.

Қандай да болмасын мемлекеттің бүгінгі күнге дейін жүріп өткен тарихи жолынан тұратыны белгілі. Сол сияқты еліміздің өткен ғасырдағы тарихын Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынсыз елестету мүмкін емес. Шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісі тақырыбында кеңестік кезеңдегі әскери-патриоттық жұмысты ұйымдастыру мен іске асыру, өрістете отырып, комсомолдың Шекара әскерлеріне қамқорлығын нығайту мәселелері қарастырылады. Партия жастар қоғамдық ұйымының өскелең ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбиені берудегі әдістерінің баспа беттерінде жарық көреуіне шолу жасалады. Отанға деген асқан сүйіспеншілік сезімдерін оятып, мемлекеттік шекараны заңсыз бұзып өтуге талпынған адамдардың жолына тосқауыл болуға жастарды шақыру жұмыстары дәріптеледі. Жас ұрпақтың әрқашан саяси қырағылықтарын арттыра отырып, үнемі ерлік пен батырлық рухқа дайындаудың ерекше мәніне назар аударылады. Мақала барысында Кеңестік кезеңдегі әскери тәртіпті нығайту мен патриоттық тақырыпта жарық көрген баспа беттеріне шолулар жасалады.

### Әдебиетке шолу

Партия басшылығы жұмысының механизмі, партия мен комсомол арасындағы қарым-қатынастың принциптері, БЛКЖО тарихын ғылыми зерттеудің жолдары мен бағыттары Н.Трущенконың еңбектерінде жан-жақты ашылады (Н.Трущенко, 1970 ж.). Партия басшылығы жұмысының сипаты, оның түрлі нысандары мен әдістері, дамыған социализм кезеңінде оларды жетілдіру жолдары В.Сулемов және В.Криворученко монографияларында негіздеп келтірген (В.Криворученко, 1980 ж., В.Сулемов

1982 ж.). Ал комсомол құрылысының ғылыми теориясының кезеңдері мен даму жағдайлары туралы И.Ильинский зерттеуінде егжей-тегжейлі және жан-жақты талданған (И.Ильинский, 1981 ж.). Комсомолға партия басшылығының әсері туралы ғылыми жұмыстарға А.Зиновьев (А.Зиновьев, 1977 ж.), М.Мұхамеджанов (М.Мұхамеджанов, 1983ж.), С.Педан (С.Педан, 1979 ж.), В.Привалов (В.Привалов, 1979 ж.), А.Трайнин (А.Трайнин, 1975 ж.) және басқа да ғалымдардың еңбектері елеулі үлестерін қосты.

Сонымен бірге, жоғарыда көрсетілген жұмыстар қатарының бірінде де шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісі туралы мәселелері қаралмағанын атап өтуге болады.

Жастардың әскери-патриоттық тәрбиесіне партиялық басшылықтың әсері мен жастарды қарулы күштердегі қызметке дайындау жөнінде кейбір мәліметтер БЛКЖО-нің XIX съезіне дайындалған жинақтарынан көрінеді («Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу», 1982 ж.). Шекара бөлімдеріне комсомол қамқорлығы туралы кейбір аспектілерін А.Мироновтың пен Н.Захаров ғылыми жұмыстарында азғантай көрініс тапқан. Тәуелсіздік алған жылдардан бері «Шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісі» тақырыбы аясында қалам тербеген ғалымдардың қатары азғантай.

Бір жағынан алғанда 1950-1960 жылдары КСРО елдерінде қалыптасқан бір бағытқа шоғырланған саясат бұқаралық-құралдар арқылы іске асып жататын. Идеологиялық күштің зор екенін түсіндірген КОКП-ның XX съезінен кейін кеңестің құрылымдардың барлығында жұмыс істейтін БАҚ басқарушы органы құрылды. Насихат жұмыстарын сәтті ұйымдастырған кеңестік тәжірибеге батыс елдерінің қызығушылығын туғызды. Зерттеу нысаналарына айналды. Кеңестік дәуірде қалыптасқан БАҚ-тық басқару жұмысы іс жүзінде ешқандай өзгеріске ұшырамай, ыдыраған кезге дейін жалғасты (*The Means to Success in World Politics.*, 2004.). Кеңес елдеріндегі насихат стратегия туралы Америка Құрама Штаттарының саясаттанушысы Г.Д.Лассуэлл де қалам тербеген (*Lasswell H.D.*, 1951).

Қазіргі кездегі әскери журналистиканы зерттеушілердің бір қатарын тоқталып, әскери журналистиканың қоғамдағы рөлі туралы айтар болсақ. М.Маккензи, Е.Гунайдин және Е.Кубиндердің жүргізген жан-жақты зерттеу-

лерінде әскери көріністі журналистік тұрғыдан олар саяси, психология, әлеуметтану, және коммуникативтік ғылымдар сияқты әскери көріністерін жіктеп талдау жіргізеді (MacKenzie M., Gunaydin E., Chaudhuri U., 2020). Жоғарыда аталған ғалымдардың жұмыстарына шолу жасайтын болсақ, еңбектерінің соғыс жайындағы ақпаратты шоғырландырудың жоқтығымен, сонымен қатар асыра әсерлеумен жазылғанын көреміз. Әскери журналистика жанжал жағдайды тоқтатуға негізгі факторлардың бірі ретінде басымдыққа ие. Себебі қарулы қақтығыстарды құжат жүзінде заңдастыру қабілетіне ие ретінде рөлді атқара алады. Дегенмен авторлар зерттеу жұмыстарында заманауи жағдайдағы әскери журналистиканың маңыздылығын түбегейлі зерттеу жүргізбеген.

Әлемде орын алып жатқан соғыстардың қазіргі кейпі – көтерілісшілер мен лаңкестік әрекеттерді іске асырғысы келген екі топтың біріккен қосындысы. С.Альшдаифат, А.Хаяджне және Ф.Андерсон зерттеу жұмыстарында қақтығысқа шығушылардың түрлі мақсаттары болғанымен оларды біріктіруге болатын екі жағдайдың бар екенін тілге тиек етеді. Оның біріншісі, халықаралық деңгейде бұдан бұрын болып көрмеген қауіп, екіншісі, өркениетке сай келмейтін ескі құндылықтар (Alshdaifat S., Nayajneh A., Anderson F., 2019). Аталған ғалымдардың зерттеу жұмыстары соғыс жағдайындағы үгіт-насихатқа арнаған. Қақтығыс жағдайында жалған ақпарат тарататын ақпарат құралдары бар екенін айтады. Қазіргі заманғы әскери жаңалықтарды негізге ала отырып, әскери медианың негізі ұсатынымын анықтайтынын дәлелдейді. Дегенмен ол ұстанымның да қоғамда орын алып жатқан өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін екенін жеткізеді.

Журналистердің қазіргі кезде белгілі бір жерде орын алған оқиғаларды дер кезінде жариялау жүзеге асыру үлкен маңызға ие болып отыр. Себебі уақытынан кеш берілген ақпарат маңыздылығынан айырылады. Әскери журналистиканың да жұмысы осындай мәнге ие. Қарулы қақтығыс болған жерден ақпаратты жеткізіп, қоғамдық пікірді де нақтылып жеткізу – қазіргі әскери журналистиканың басты талабына жатады. П.Ферруччи, Т.Росс, Б.Дж. Боу және Дж. Госен өз зерттеулерінде әскери журналистиканың қазіргі қарулы қақтығыстарды басқаруды күшіне ие ретінде қарастырады. Жеңіске жету тек қана дамыған қарудың күшімен ғана іске аспайды деген көзқарасты

айтады (Ferrucci P., Ross T., Kathleen I., Bowe B. J., Gosen J., Fahmy S., 2020). Жаңа соғыстарда жетістіктің бұқаралық ақпарат құралдарына тікелей байланысты. Себебі бірінші әскери журналистердің ақпаратты жеткізу сипаты өз кезегінде қоғамдық пікірді қалыптастырады. Заман ағымына қарай дамыған цифрлық құралдар бұрын болып көрмеген бүкіл халыққа журналистерге ғана тән емес ақпарат шығаруға мүмкіндік берді (Bayramov A., 2022).

### Нәтижелер және талқылау

Ғылыми мақалада партияның Шекара әскерлеріне қамқорлық жұмыстарын ұйымдастыру мен Шекара әскерлерінің партия және комсомол қызметкерлерімен, жергілікті партия және Комсомол органдарының жұмыстарына шолу жасауға ғылыми мақсат қойылған. Бұл бізге шекара әскерлері бойынша комсомолдық шефтік жұмысын партиялық басқару тәжірибесін зерттеуді табысты шешуге мүмкіндік берді.

Көп жылдар бойы комсомол ұйымдары жүргізген әскери-қамқорлық жұмыстарының негізгі бағыттарын зерттеу КОКП партиялық және комсомол органдары мен Шекара әскерлерінің саяси органдарының қамқорлық жұмыстарының аясында ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Комсомол мүшелері мен жастарды Отанның шеткі нүктелерін күзетуге дайындау үшін кешенді жұмыстарды белсенді түрде енгізуге бағыттағанын көрсетеді. Соның арқасында оларды әскери-патриоттық тәрбиелеу мәселелерін шешілді.

Жастарды патриоттық негізде тәрбиелеу, оларды әскери қызметке алдын-ала даярлау, шекара сақшыларымен кең көлемде саяси іс-шаралар өткізу, шекара әскерлерінде қызмет ету үшін жастарды іріктеу жұмыстары, әскери қызметшілердің мемлекеттік шекараны күзетудегі жұмыстарының барлығы шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттерде көрініс тауып отырды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік базасын тақырып бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарынан, Комсомолдың Шекара әскерлеріне қамқорлық жасау жұмыстарының партиялық көшбасшылық деңгейінің одан әрі артуы қоғамдық әскери-патриоттық міндеттерді шешудегі елдің қорғаныс қабілеті мен мемлекеттік қауіпсіздігін нығайтудағы көлемді шаралар мен КСРО Мемлекеттік шекарасын берік

күзетуді қамтамасыз етудегі партияның ролін ашудан тұрады. Баспасөз беттерінің, әдеби оқулықтар мен кітаптардың адамзатқа және әскери қызметшілерге оң әсері жөнінде зерттелген ғылыми еңбектерде ашылған әдістер құрады. Қолданылатын зерттеу әдістерінің негізін ғылыми зерттеу жұмыстарын зерделеу мен баспа беттеріне шолу жасау әдістері пайдаланылды. Саралау тәсілдің көмегі арқылы бұқаралық ақпарат құралдарының түр-түріне, олардың әскери қызметшілерге әсері жөнінен қазіргі көзқарастар зерделенді.

Кеңес Одағының Коммунистік партиясының саясаты кезінде комсомол партиялық басшылығының зор маңызға ие болды. Мұндай көрініс табиғи болатын. Осыны негізге алған В.Ленин Революциялық Коммунистік Жастар одағы (РКЖО) III съезі делегаттарының қойған сұрақтарына жауап берген кезде: «Комсомол өз қызметінде «барлық ынтасымен шын мәніндегі коммунистік партияның жоғары дәрежесіне жеткісі келсе, Коммунистік партияның жалпы директиваларын» қатаң түрде басшылыққа алуға міндетті», – деп қысқаша қайырды (В.Ленин, 1967 ж.).

Комсомолдың шекара әскерлерінің әскери қызметшілерін жауынгерлік қызметтері бойынша шефтік жұмысына партиялық басқару тәжірибесін зерттеуді қазіргі кезде маңызы зор. Біз мұны Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының құрамындағы елдердің соңғы кездердегі жүргізіп жүрген зерттеулерінен байқаймыз. Аталған шефтік саясаттың бір кездері КСРО Мемлекеттік шекарасын халықаралық жағдайдың күрделілігіне, социализмді жаулап алуды қорғауды жүзеге асырудың сенімді қамтамасыз етудің қажеттілігіне байланысты іске асырылған шара екенін түсінеміз. Біз мұны КОКП ОК Бас хатшысы жолдас К.Черненконың 1984 жылғы ақпан айындағы КОКП ОК-нің пленумындағы: «Біз бүгінде империализмнің біріккен қауіпті де белсенді күштерінің жымысқы да қара ниетке толы әрекеттерінің арқасында адамзат үшін қауіп төндіретін тұрғанын жақсы білеміз. Сол үшін де айтатыным ешкімнің де күмәнді пікірі болмасын: біз қазір де, алдағы уақытта да ортақ үйіміз – Отанымыздың қорғаныс қабілетін нығайтып және күшейтіп қамқорлық жасай аламыз. КОКП ОК – нің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, алға қойған мақсатымызды іске асыра аламыз. Соғыс құмар, соғысты ұнатушы авантюристердің теріс пиғылды іс-әрекеттерін жаншып, шекара сызықтарын міз бақпастан күзете аламыз» деді.

Осылайша, социализм құрылысы кезеңі салтанат құрып тұрған кезде бірінші орынға қазіргі жағдай сияқты жастардың ел тыныштығын күзету ісі барынша бір жүйеге қоюды көздегенін көреміз. Комсомолдықтардың шекара әскерлерімен қамқорлық байланыстарын құра алғандығы мәлім. Оны дамыту ісіндегі партия тәжірибесін ғылыми тұрғыда зерттеу маңызды міндеттердің қатарынан орын алды. Әскер мен халық арасындағы бірлікті нығайтудың, жастарды әскери – патриоттық тәрбиелеудің, КСРО қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету проблемасының ажырамас бөлігі болып табылғанын бүгінгі зерттеу жұмыстары дәлелдеп отыр.

Араға көп уақыт салмастан дәуірлете дамыған социализм жағдайындағы комсомол партиясының әскери бөлімдерге шефтік қызмет атқара отырып басшылық ету мәселелері ВЛКСМ қоғамдық тарихында партиялық еңбектер мен әдебиеттерде үнемі жария етілгенін көреміз. Жоспарлы түрде баспа беттерінде орын алған бірнеше еңбектерінің қатарында «Кеңес Одағы Коммунистік партиясының тарихы», «Лениндік даңқты жолы» сияқты іргелі де көлемді еңбектердің маңызы өте зор екенін атап өтуге болады.

Коммунистік партияның басшылық етуімен комсомол туындаған мәселелердің барлығын шешіп отырды. Жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беруді алдыңғы орынға қойды. К.Черненко: «Комсомолдың негізгі міндеті – партия арқылы жастардың әскери-патриоттық тәрбиесін жоғары көтеруге көмектесу. Ал біздің тарихымызда мұндай жұмысты жүзеге асырудың бір ізге қойылған дәстүрлері бар. Міне, осыларды халықаралық жағдай деңгейінде қауіп төндіруі мүмкін тосқауылдарды ескере отырып, мұқият іске асыру керек». Жас буынды әскери-патриоттық бағытта тәрбиелеудің маңызды нысаны ол – КСРО Әскери Теңіз флоты, Әскери Әуе күштері және Шекара әскерлері құрылымдарына комсомолдың шынайы қамқорлығы.

Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы (КОКП) Шекара әскерлеріне комсомолдық қамқорлықты ұйымдастыруға өте жоғары талаптарды қойды. Бұл түсінікті еді. Себебі шекарашылардың жеке құрамы – ел сыртына келетін түрлі жаулық іс-әрекеттерге тойтарыс беретін біздің әскери құрылымымыз. Сөйлеген КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы В.Чебриков Халық алдында мінберде сөйлеген сөзінде: «Біздің ортақ үйіміз – Кеңестік Социалистік Республикалар

Одағының мемлекеттік шекарасын жылдың төрт мезгілінде қылау түсірместен, кірпік ілместен күзетіп жүрген Шекара әскерлері заңсыз кіруге талпынған кез-келген әрекеттің жолын кеседі» (К.Черненко, 1984 ж.).

Шекара әскерлерін комсомол қамқорлығына алуы мен жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мәселелерін шешудегі тәжірибесін зерттеу. Сонымен қатар өскелең ұрпақты әскери қызметке дайындау және шекараны сенімді күзетуді қамтамасыз ету – шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісі зерттеу насаны болу мәніне ие.

Нәтижелі жұмысты ұйымдастыру үшін жергілікті комсомол ұжымдарының Шекара әскерлерінің бөлімдерімен бөлімшелерінің жұмысты одан сайын біріге іске асыруды талап етті.

Шекара әскерлерінің, сонымен қатар саяси органдардың, партия және комсомол ұйымдарының кешенді іс-шаралары мен қызметтері, нақты мәселелері және шекара күзетіне жұмысшылардың қатысуы туралы, шекара жастары туралы арнайы әдебиеттер мен басылымдарда жарық көріп отырғаны сөзсіз.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында БЛКЖО ОК хатшысы В.Мишин: «Ұсынылған заң мәтінін толық қолдаймын. Мен жаңа заңның ережелерін жүзеге асыруда КСРО шекарасын күзетудің әскери, саяси және экономикалық маңыздылығын түсіне отырып, біздің тарапымыздан белсенді әрекеттерді талап етілетінін айтқым келеді. Біздер мұндай өте маңызды істе комсомолдың аса маңызды рөл берілетінін жеткіземін», – деді (К.Черненко, 1984 ж.).

Шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісін зерттеу кезінде кеңестік дамыған әлеуметтік қоғамдағы кеңес халқының, соның ішінде, жастардың саяси дүниетанымындағы санасы мен олардың белсенді болуының бұрынсоңды болмаған жетістігіне әкелген партияның әлеуметтік саясатының тиімді түрде жүзеге асқанын көруге мүмкіндік берді («Правда» газеті, 1982 ж.). Шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрініс беруі арқылы азаматтарға патриоттық тәрбие берумен КСРО шекарасын берік күзету мәселелерін шешуге өз үлесін қосты.

Комсомолдықтардың шекара әскерлеріне шефтік жұмысы арқылы партияның басқару

жұмыстарының маңыздылығы жеткізіп отырды. Осылайша Социалистік достастық елдер арасындағы достық қарым-қатынас артты. Халықаралық жағдайдың күрделілігі мен социализмді жаулап алуды күзетуді берік қамтамасыз ету жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. БЛКЖО ОК Бас хатшысы К.Черненко КОКП ОК-нің 1984 жылғы Пленумында: «Біз алдағы уақытта да еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуды күшейтеміз. Ол жағынан ешкімде де күмән болмасын. КОКП ОК-нің барлық мүмкіндіктерін пайдаланамыз», – деді (БЛКЖО Орталық Комитетінің «Кезектен тыс пленумының материалдары», 1984 ж. ).

Осыдан біз социализмнің дәуерлеп тұрған кезеңіндегі комсомолдың шекара әскерімен тығыз қарым-қатынас байланысын құруы мен оны алға жетелеудегі жұмысының баспасөздегі көрінісін зерттеу маңызды ғылыми нысан екенін айқындаймыз. Әскер мен халықтың бірлігі, жастарды үнемі әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу, КСРО-ның шекаралық қауіпсіздігі мен күзетілуін қамтамасыз ету мәселесі ажырамас бөлігі болғаны анық.

Дамудың жоғары деңгейіне жеткен социализмнің комсомолға партияның басшылық ету мәселелері туарлы Бүкілодақтық Коммунистік Жастар одағы тарихы туралы партияның тарихи еңбектер мен әдебиеттерінде жарияланды. Бұл бағыттағы еңбектердің қатарында «Кеңес Одағы Коммунистік партиясының тарихы», «Лениннің даңқты жолы», «Ленин комсомолының даңқты жолы. БЛКЖО тарихы», «Комсомол құрылысы» сияқты еңбектерінің маңызы зор («Кеңес Одағы Коммунистік партиясының тарихы», 1978 ж.). Мұндай еңбектерде қозғалған мәселенің тарихтағы алатын орны өте кең.

Шекара әскерлерімен жүргізілген шаралар арнайы әдебиеттер мен түрлі мерзімді басылымдарда әр кезеңдерде жарық көріп отырды.

Жарық көрген материалдарды келесі еңбектерден көруге болады:

Н.Захаров «Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге кешенді көзқарас», (БЛКЖО XIX съезі секциясының материалдар жинағы), Алтай өлкесі, 1982 ж., 52 б.;

Әскери теңіз флотының бастығы А.Липатов «Комсомолдың әскери жұмысы», Жас гвардия, Мәскеу, 1927 ж. – 136 б.;

Г.Соловьев «БЛКЖО жасағы», Жас гвардия, Мәскеу, 1948 ж., 96 б.; А.Сидорик «Комсомол және Қарулы Күштер», Мәскеу, 1977 ж., 64 б.; В.Левченко, В.Шакличев «Қамқорлық-күшті»,



Мәскеу, 1983 ж., 86 б.; «Шекарашылардың белсенді көмекшілері», Мәскеу, 1968 ж., 80 б.; «Шекараны қорғау жұмысы немесе қызметі – барлық халықтық іс», Киев, 1976 ж., 86 б.

В.Матросовтың «Шекара әскерлері», әскер бөлімдер мен шекара округтерінің жауынгерлік қызметі туралы тарихи очерктерде, А.Чугунов, П.Иванчишин, Н.Гайдук, Г.Кисловскийдің монографияларында және коммунистік партияның әскер мен флот қамқорлығының жекелеген бағыттары Л.Бубликтің докторлық диссертацияларында көрініс тапқан.

Жоғарыдағы еңбектер мен баспасөз беттерін қорытындылай келе жас ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу мәселелерін дамытуға арнаған зерттеушілердің кең ауқымына және тақырыптың сөзсіз өзектілігіне қарамастан: «Шекара әскерлерін коммунистік партияның басшылық етуінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісі» тақырыбы әлі де зерттеуді қажет ететінін көреміз.

Кейбір капиталистік елдермен, сонымен қатар социалистік достастық елдерімен мемлекеттік шекарасы ортақ одақтас республиканың түрлі деңгейдегі партиялық және комсомол ұйымдарының жұмыс тәжірибесінің баспасөз бен әдебиеттердегі көрінісіне шолу жасалды.

Зерделеу барысында КОКП XXIV-XXVI съездерінің материалдары мен осы кезеңдегі жұмыстар қамтылды (Г.Криворотенко, 1974 ж.). Комсомолдықтар шекара әскерлерімен одан әрі байланысын нығайту мақсатында КОКП ОК-нің қатарынан бірнеше қаулылары қабылданды. Әр құжатта комсомолдың партиялық басшылығын жақсарту бойынша талаптар қойылды. Соның ішінде БЛКЖО ОК-нің шекара әскерлеріне қамқорлық жасау мен көмек көрсету туралы мәселелері қарастырылған отызға жуық қаулысы қабылданды («Халық пен әскер бір» журналы, 1980 ж.). Партияның шекара әскерлерін қамқорлыққа алуы жұмысы байланыстың жаңа түрін іздеумен қатар жүрді. Мұның нәтижесі тәрбиелік рөлдің артуымен айқындалды. Шекараға жақын аудандардағы жастар мен шекарашылардың әскери ұжымдарның достығын нығайды. Шекара шебін күзетуді өзара біріге жүзеге асыруда міндеттерді бірлесіп шешуге жауапкершілікті арттыруда ықпалын тигізді.

Әскерге қамқорлық байланысты ұйымдастырудың арқасында жастардың әлеуметтік психологиясы өзгерді деуге болады. Кеңестік патриотизм мен халықаралық парызды орындауға үнемі дайын болу сезімі қалыптасты.

Шекара әскерлеріне комсомолдың шефтік жұмыс ұйымдастыруының жемісі ретінде – шекара мен шекара режимін бұзған азаматтарды анықтауда комсомол мүшелері мен жастардың қолғабыс тигізуі сияқты көптеген мысалдар келтіруге болады.

Әскери қамқорлық жұмысының аясында шекараны күзетумен қатар шекарашылар жастармен әскери-патриоттық жұмыстарына тартылды. Шекара сақшыларының ұйымдастырған мектеп бағдарламасынан тыс қосымша сабақтарда ерлік сағаттарынан дәрістер оқылды. Мемлекеттік шекараны берік көзеткен отанқорғаушылар «Шекарашының жас досы» үйірмелерін ашып, өскелең ұрпақ арасында әскери-патриоттық жұмыстарды ұйымдастырды.

### Қорытынды

Азаматтық жастар арасында шекарашылар қатарындағы жұмыстарға мінсіз қызмет танытқандары үшін 1978-1981 жылдардың өзінде «БЛКЖО ОК» марапаттарымен мыңға жуық ерікті жасақ мүшелері марапатталды. Оның ішінде «БЛКЖО ОК-нің Құрмет белгісі» – төрт адам, «БЛКЖО ОК-нің «Әскери ерлік» белгісі» -185 адам, ал 10 шекарашы «Ленин комсомолы сыйлығының лауреаттары» атанды («Мақалалар жинағы», 1982 ж.).

Шефтік жұмыс барысында Шекарашылардың саяси белсенділігі артып, олардың Коммунистік партия мен комсомол қатарына қосылуға ынта-ұмтылыстары өсті. Соның арқасында 1981 жылы түрлі шақырылымдағы мерзімді әскери қызметшілер арасында жас коммунистердің жетпіс пайызға жуығы әскери қызметтен өтті. Шекара әскерлерінің қатарындағы азаматтық борышын өтеп жүрген мерзімді әскери қызметшілердің тоқсаннан аса пайызын комсомол мүшелері құрады.

Бұл шефтік байланыстардың үлкен жетістігінің арқасында шекара аудандарындағы комсомол қатарына қосылған жастар санасының артуының және әскери қызметшілердің халықпен достығының нығаюының айқын көрінісі еді.

Комсомол жастарына шекара әскерлерімен тығыз қарым-қатынасты нығайту жөніндегі партия басшылығының оң тәжірибесі жастарға отансүйгіштік тәрбие беру, ауыр еңбекке дайындау және туған жерді күзету міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік беретін мақсаты мен мазмұны жағынан үйлесім тапқан әртүрлі қамқорлықтың бір ізге салынған жүйесінің қалыптасқанын көрсетеді.

КОКП ОК-нің комсомолдың партиялық басшылығының жұмысын жақсарту мен Жастардың коммунистік бағыттағы тәрбиесін көтеру жөніндегі қаулы талаптарын орындай отырып, партия мен комсомол органдарының құрамы шекара әскерлеріне комсомолдықтардың қамқорлығын кеңейту бойынша ұйымдастырушылық жұмыстарын жүргізді.

Социалистік демократия жүйесін қарқынды дамыту мен көпұлттан тұратын кеңестік мемлекет халықтарының достығы мен бірлігін нығайтуға арналған экономикалық өзгерістердің барлығы әскери-қамқорлық жұмыстарын ұйымдастыруға әсері мол болды.

Коммунистік бағыттағы елдің қорғаныс қабілетін көтеру және КСРО-ның мемлекеттік шекарасын күзету міндеттерін шешу жолындағы комсомол рөлінің одан сайын күшеюі комсомолдар мен мемлекет жастарының санасының идеялық жетілуіне жақсы әсер етті. Сонымен қатар шекара әскерлерімен арадағы байланыстардың нығаюына және дамытуға оң ықпалын тигізді.

Әскерлерге қамқорлық жұмыстары КОКП съездері мен Орталық Комитеті отырыстарында қабылданған шешімдердің аясында партия мен кеңестік әскери құрылысы идеологиялық жұмыстарының заңдылықтары негізінде құрылды. Партия комсомолдары Шекара әскерлеріне деген қамқорлықты жастарды коммунистік бағытта тәрбиелеуде біріккен бөлігі ретінде оларды

саналы түрде еңбекке дайындау мен социализмді жаулап алудан шекараны берік күзетуді қажетті заңдылық ретінде қарастырады.

Шекаралық аудандардың маңындағы жастардың дүние-танымдарына, отансүйгіштік тәрбиелеріне айтарлықтай әсер етті. Шекара сақшыларының саяси қырағылықтарын көтеруге, рухани және жауынгерлік қасиет сапаларын қалыптастыруға, мемлекеттік шекара шетінің заңсыз бұзылмауын қамтамасыз етуге оң ықпал етті.

Партия мен комсомол жастардың шекара әскерлерімен бірге өткізілген отансүйгіштікке тәрбиелеуге арналған жұмыстар бұқаралық-ақпарат құралдарында жүйелі түрде жарияланды. Ал жасылкүнқағарлардың саяси жұмысшыларымен тығыз қарым-қатынастағы қамқорлық жұмыстарының әр кезеңінде өткізілетін іс-шараларда идеологиялық жағынан қамтамасыз етудің жаңа бір міндеттері қойылып, олардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру үшін барлық жағдай жасалды.

Кейбір мемлекеттерде орын алып жатқан түрлі жағдайларды бұқараға жеткізетін әскери журналистика қазіргі кезде ұлтаралық, мемлекетаралық немесе қылмыстық іс-әрекетке әкелуі мүмкін оқиғалардың алдын алуды хабарлайтын механизм ретінде әрекет етуде. Осылайша қажет кезде бейбіт тұрғындардың тыныштығын сақтап қалатын құрал ретінде маңызды рөл атқарады.

## Әдебиеттер

- Военно-патриотическое воспитание молодежи (сборник материалов). – Москва, 1982.- 97 с.  
Газета «Правда». – Москва, 1982.- 3 с.  
Зиновьев А. Военный отряд интернационалистов // Молодая гвардия. – Москва, 1977. – 236 с.  
Ильинский И. «ВЛКСМ в политической системе советского общества» // Молодая гвардия. – Москва, 1981. -239 с.  
«История Коммунистической партии Советского Союза», политическое издание. – Москва, 1984. – 783 с.  
*Ellul. Jacques Technological Society.* – New York, 1964. – 56 p.  
Козыбаев С. Опаленная войной («Казахская фронтовая печать»). – Алма-Ата, 1978. – 124 с.  
«Комсомольское строительство» (учебное пособие). – Москва, 1984. – 574 с.  
Криворотенко Г. «ВЛКСМ – боевой помощник партии по военно-патриотическому воспитанию молодежи», диссертационная работа. – Москва, 1974. – 190 с.  
Криворученко В. «Единство цели» // Молодая гвардия.- Москва, 1980. – 191 с.  
Lasswell H.D. The Strategy of Soviet Propaganda // Proceedings of the Academy of Political Science. Jan., 1951. Vol. 24. No. 2, The Defense of the Free World. Pp. 77-78  
Lee A.M., Lee E.B. «Decree».  
Ленин В. «Полное собрание сочинений», 41т. – Москва, 1967. – 532 с.  
Момышұлы Б. «Қанмен жазылған кітап», Стенограмма. – Алматы, 2013.-32 б.  
Материалы внеочередного пленума ЦК ВЛКСМ. – Москва, 1984.-19 с.  
Мухамеджанов М. «В единстве сил» // Молодая гвардия, Москва, 1983. – 239 с.  
NyeJ.S. SoftPower. The Means to Success in World Politics. – New York: Public Affairs, 2004.  
Наволоцкий И. «Комсомол Казахстана – боевой помощник партии в обеспечении надежной охраны государственной границы СССР», диссертационная работа. – Алматы, 1971. – 172 с.

- «Народ и армия едины» //Журнал «Пограничник», № 12. – Москва, 1980. – 66 с.  
«Отан сакшысы – Часовой Родины» газеті. -Алматы, 1994.- 1 б.  
Педан С. «Партия и комсомол» (историографический очерк). – Ленинград, 1979. – 160 с.  
Привалов В. «Молодежь коммунистического интернационала» // Молодая гвардия. – Москва, 1979. – 272 с.  
«Сборник статей». – Москва, 1982. – 239 с.  
Сулёмов В. «Союз молодых борцов» // Молодая гвардия. – Москва, 1982. – 399 с.  
«Славный путь Ленинского комсомола. История ВЛКСМ» //Молодая гвардия. – Москва, 1978. – 548 с.  
Сейтов Д., **Журналистика тарихы.** <https://alashainasy.kz/alash/otan-sakshyisyi-chasovoy-rodinyi-gazet-70-ke-toldyi-44090/?ysclid=lfm1uqvzb508268360>. Алматы, – 2013 жыл.  
Трайнин А. «Под знаменем революции. Лидер революционного молодежного движения, организатор Комсомола» // Молодая гвардия. – Москва, 1975 . – 223 с.  
Трущенко Н. «Комсомольское партийное руководство» (источниковедение и историография). – Москва, 1970. – 228 с.  
Черненко К. «Избранные слова и статьи», Политическое издательство. – Москва, 1984. – 595 с.  
Harter D. Sullivan J. Op. Cit. The Means to Success in World Politics., 2004.  
Участники секции XIX съезда (сборник материалов) // Молодая гвардия. – Москва, 1982. – 86 с.

### References

- Voенно-patrioticheskoe vospitanie molodezhi (sbornik materialov)* [Military-patriotic education of Youth (collection of materials)]. – Moscow, 1982. – 97p. [In Russian].  
Gazeta «Pravda» [Pravda newspaper]. – Moscow, 1982. – 3 p. [In Russian].  
Zinov'ev A. *Voennyj otrjad internacionalistov*[Military detachment of Internationalists]. – Moscow, 1977. – 236 p. [In Russian].  
Il'inskiy I. «VLKSM v politicheskoy sisteme sovetskogo obshhestva»[Komsomol in the political system of Soviet society] // *Molodaja gvardija. – Moscow, 1981. – 239 s.* [In Russian].  
«Istorija Kommunisticheskoy partii Sovetskogo Sojuza», politicheskoe izdanie [“History of the Communist Party”, political press, 7th edition.]. – Moscow, 1984. – 783 s. [In Russian].  
Ellul. *Jacques Technological Society.* – New York, 1964. – 56 p. [In English].  
Kozybaev S. *Opalennaia voinoi* («Kazahskaia frontovaia pechat»). – Almaa-Ata, 1978. – 124 s.  
«Komsomol'skoe stroitel'stvo» (uchebnoe posobie) [Komsomol construction» (educational tools)]. – Moscow, 1984. – 574 p. [In Russian].  
Krivorotenko G. «VLKSM – boevoj pomoshhnik partii po voенно-patrioticheskomu vospitaniju molodezhi» [On Combat auxiliary party education of the youth military-patriotic, dissertation.]. – Moscow, 1974. – 190 p. [In Russian].  
Krivoruchenko V. «Edinstvo celi» [Unity of purpose] // *Molodaja gvardija. – Moscow, 1980. – 191 s.* [In Russian].  
Lasswell H.D. The Strategy of Soviet Propaganda // Proceedings of the Academy of Political Science. Jan., 1951. Vol. 24. No. 2, The Defense of the Free World. Pp. 77-78. [In English].  
Lee A.M., Lee E.B. «Decree». [In English].  
Lenin V. «Polnoesobraniesochinenij», 41t. [Collection of Full Works”, 41 vol.]. – Moscow, 1967. – 532 p. [In Russian].  
Momysuly B. «Qanmenjazylgankitap» [A book written in blood]. – Almaty, 2013. – 32 p. [In Kazakh].  
Materialy vneocherednogo plenuma CK VLKSM [Materials of the “extraordinary plenum” of the Central Committee of the BLKJO]. – Moscow, 1984. – 19 p. [In Russian].  
Muhamedzhanov M. «V edinstve sil» [In the Unity of Forces]. Moscow, 1983. – 239 P. [In Russian]  
Nye J.S. Soft Power. The Means to Success in World Politics. – New York: Public Affairs, 2004.  
Navolockij I. «Komsomol Kazahstana – boevoj pomoshhnik partii v obespechenii nadezhnoj ohrany gosudarstvennoj granicy SSSR», dissertacionnaja rabota [Komsomol of Kazakhstan – Etude of the auxiliary party for the safe protection of the state border of the USSR, dissertation work]. – Almaty, 1971. -172 p. [In Russian].  
«Narod i armija ediny» [The people and the army are one] //magazine No. 12 “Border Guard. – Moscow, 1980. – 66 p. [In Russian].  
«Otansaqsysy – ChasovoiRodiny» gazetі. [Newspaper “Otansakshy-Chapel of the Fatherland”]. – Almaty, 1994. – 1 p. [In Kazakh].  
Pedan S. «Partija i komsomol» (istoriograficheskij ocherk) [The Party and the Komsomol” (historiographical essay)]. – Leningrad, 1979. – 160 P. [In Russian].  
Privalov V. «Molodezh' kommunisticheskogo internacionala» [Youth of the Communist International] // *Molodaja gvardija. – Moscow, 1979. – 272 s.* [In Russian].  
«Sbornikstatej» [Collection of articles]. – Moscow, 1982. – 239 p. [In Russian].  
Sulemov V. «Sojuz molodyh borcov»[Union of young wrestlers] // *Molodaja gvardija. – Moscow, 1982. – 399 s.* [In Russian].  
«Slavnyj put' Leninskogo komsomola. Istorija VLKSM»[Roads of the Lenin Komsomol. Komsomol history]. // *Molodaja gvardija. – Moscow, 1978. – 548 s.* [In Russian].  
Seitov D., *Jurnalistikatarihy.* [History of journalism].<https://alashainasy.kz/alash/otan-sakshyisyi-chasovoy-rodinyi-gazet-70-ke-toldyi-44090/?ysclid=lfm1uqvzb508268360>. – Almaty, 2013. [In Kazakh].  
Trajnin A. «Pod znamenem revoljucii. Lider revoljucionnogo molodezhnogo dvizenija, organizator Komsomola» [Under the banner of the Revolution. Leader of the revolutionary youth movement, organizer of the Komsomol] // *Molodaja gvardija. – Moscow, 1975. – 233 s.* [In Russian].

Trushhenko N. «Komsomol'skoe partijnoe rukovodstvo» (istochnikovedenie i istoriografija) [Komsomol party leadership (source Studies and historiography)]. – Moscow, 1970. – 228 p. [In Russian].

Chernenko K. «Izbrannyeslovaistat'i», Politicheskoeizdatel'stvo[Selected words and articles, political publishing house]. – Moscow, 1984. – 595 p. [In Russian].

Harter D. Sullivan J. Op. Cit. The Means to Success in World Politics., 2004.[In English].

Uchastniki sekcii XIX s#ezda (sbornik materialov) [“To the participant of the section of the XIX Congress” (collection of materials)] // *Molodaja gvardija*. – Moskow, 1982. – 86 s.[In Russian].